

БЕЙБІТШІЛІК МЕКЕНІНДЕ

— Ырыс қайда барасын?

— Үнтымаққа барамын! дейді халық әпсанасы. Ежелден бірлікті тірлігінің арқауы еткен қазақ халқы берекенің бастаудың ынтымақтан іздеген. Тарихқа шегініс жасап, өткенге көз жүгіртсек, егеменді еліміздің қарыштап дамып, әлемнің алдыңғы қатарлы елдеріне қосылуы да бірлікпен жеткен тұрақтылықтың арқасы.

Татулықпен келісім – адамзаттың асыл құндылықтарының бірі, басты байлығы. Ал, Қазақстан – бейбітшілік мекені. Қазақтың «Бірлік болмай, тірлік болмас» деген аталы сөзін мемлекеттің ұранына айналдырып, қазақ жеріне саяси ахуалдардың салдарынан қоныс тәркен түрлі әтнос өкілдерін бір Тудың астына біріктіріп, ынтымақты сақтап, бейбітшіліктің

тұрақтылығын қамтамасыз ету үлкен еңбекті, көрегенділікті талап етеді. Отых жылдан астам үақыт елдегі жүргізілген сындарды саясаттың нәтижесінде еліміз соғыссыз, қан-төгіс, қайшылықсыз тыныштық орнаған бейбіт елге айналды. Әрбір қазақстандық өзінің саяси, діни көзқарасына, нақіліне қарамастан тен құқықта өмір сүріп келеді.

Қазақ халқы қай заманда да үрпақ қамын бір сәт те ұмытпаган. Еліміздегі әрбір иті бастама болашақ үшін. Өскелен үрпаққа осы бейбіт жолдан таймау – аманат. Ол үшін әр жас-жеткіншек оқу оқып, білім алуға, халқына қызмет етуге тырысуы қажет. Рухани қаруланған бала ес біліп, ел санатына қосылғаннан кейін, өзінше талап қылып, өмір сүрүте қабілетті болады. Жастарды бағыттауда біздің М.Әуе-

зов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің де үлесі зор.

Біздегі халықтың ынтымақ, бірлігіне, жаразтығына тәнті болған шетелдік азаматтар мен саясаткерлердің «Қазақстаннан үйрену көрек» деп айтқандарын жи естіміз. Сондай кезде кеудені қуаныш көрнеп, қазақ даласында туғаныңды мақтансыш етесің! Елдегі барлық әтнос өкілдерінің тереңесі тен, мұдде-мақсаты бір. Олардың еркін еңбектенуіне, білім алып, кәсінпен шүғылдануына бар жағдай жасалған. Тіптен, өзге әтнос өкілдері өз ана тілдерінде оқып, салт-дастүрін дәрінеп жүр. Құшағы ыстық, құлашы кең, байтақ өлкеде туратын біз бақыттымыз!

**Айымжан ЖАКЕШОВА,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ «Басқару және
бизнес» жоғары
мектебі, «Экономика»
кафедрасының
оқытушысы,
з.г.к., профессор**